

Анонс!

2024 ЖЫЛЫ
ҚАЗАҚСТАН
ҮКІМЕТІ
16 ЖАҢА
ЗАҢ ЖОБАСЫН
ӘЗІРЛЕЙДІ

2 -
бетте

www.aigak.kz

RESPIBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙҒАҚ

Media

Gazet Qazaqstan Jymalstika Akademiasynynı "Altyn Juldız". Qazaqstan Jymalister odağynynı Turar RYSQULOV jәne Settar ERYBAEV atyndağy sylyqtarynynı, "Altyn jürek" sylyğynynı iegeri

№45 /sәrsenbi/ 08 qaraşa 2023 ж.

Instagram

YouTube

Facebook

Telegram

ТӨРТ АУДАНДАҒЫ ӘКІМ САЙЛАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Бәйдібек ауданы бойынша сайлауға 3 кандидат қатысып, сайлаушылар тізіміне 28807 азамат енгізілді. Дауыс беруге -16729 сайлаушы қатысты. Бәйдібек ауданының сайлау қорытындысы бойынша 9379 дауыспен **Бәйдібек ауданының әкімі болып** 1973 жылы туған, «ERNUR» корпорациясы» ЖШС директоры болып қызмет атқарып келген **Ерлан Заиыпұлы Нұрмаханов** сайланды.

Мақтаарал ауданы бойынша сайлауға 3 үміткер қатысып, сайлаушылар тізіміне 70648 азамат енгізілді. Дауыс беруге - 46114 сайлаушы қатысты. Сайлау қорытындысымен 29338 дауыспен Мақтаарал ауданының әкімі болып 1962 жылы туған, осыған дейін **Мақтаарал ауданының әкімі болып** қызмет атқарып келген **Бахыт Нәсірханұлы Асанов** сайланды.

Созақ ауданы бойынша сай-

Түркістан облысындағы 4 ауданда: Созақ, Мақтаарал, Шардара және Бәйдібек аудандарында әкім сайлауы өтті. Түркістан облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Жеңіс Мақұлбаев 2023 жылдың 5 қарашасында пилоттық режимде өткен 4 аудан әкімінің сайлау қорытындысы бойынша есеп берді.

лауға 3 кандидат қатысты. Сайлаушылар тізіміне 35715 азамат енгізілді. Дауыс беруге -23948 сайлаушы қатысты. Сайлау қорытындысымен Созақ ауданының әкімі болып 16016 дауыс жинаған 1967 жылы туған, осыған дейін **Созақ ауданының әкімі, болып** қызмет атқарып келген **Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков** сайланды.

Шардара ауданы бойынша сайлауға 3 үміткер тіркеліп, сайлаушылар тізіміне 44109

лаушы қатысты. Сайлау қорытындысымен 18259 дауыспен **Шардара ауданының әкімі болып** 1977 жылы туған, Шардара аудандық мәслихатының төрағасы қызметін атқарып келген **Арман Романұлы Қарсыбаев** сайланды. Жалпы Қазақстан бойынша кілттіктерге сәйкес облыстардың мәслихаттары осы сайлауды өткізу үшін 42 аудан мен 3 облыстық маңызы бар қаланың тізбесін бекітті, деп хабарлайды ҚР Ор-



Ерлан НҰРМАХАНОВ
Бәйдібек ауданы



Бахыт АСАНОВ
Мақтаарал ауданы



Мұхит ТҰРЫСБЕКОВ
Созақ ауданы



Арман ҚАРСЫБАЕВ
Шардара ауданы

азамат енгізілді. Дауыс беруге - 29929 сай-

талық сайлау комиссиясы.

1553 сайлау комиссиялары: 17 облыстық, 3 қалалық, 42 аудандық және 1491 учаскелік сайлау комиссиялары жұмылдырылды.

Сайлау балама негізде өтті. Сайлау бюллетеньдеріне 125 кандидат енгізілді.

Сайлаушылардың келуі - 62,79 %.

Сайланған әкімдердің орташа жасы 46,7 жасты құрайды.

Сайлау науқаны республиканың сайлау заңнамасы нормаларының талаптарына сәйкес өтті. Дауыс беру күні

байқауды Қазақстан Республикасының 8500-ге жуық кандидаттардың сенім білдірілген адамдары, байқаушылары мен БАҚ өкілдері жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы осы сайлауды ұйымдастыру және өткізу кезінде аумақтық сайлау комиссияларына әдістемелік басшылықты, сондай-ақ олардың қызметінің сайлау туралы Конституциялық заң талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырды.

Жомарт БЕГІМБЕТ.

ЖАСТАРДЫҢ 5,2 МЫҢНАН АСТАМ ЖОБАСЫНА ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН МИКРОКРЕДИТ БЕРІЛЕТІН БОЛДЫ

2023 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға кәсіпкерлік бастамаларды іске асыру үшін жастарға берілетін жылдық мөлшерлемесі 2,5%-дық жеңілдетілген микрокредиттер алуға 7,3 мың өтінім түсті. Биыл жалпы 5 796 микрокредит беру жоспарланған. Қазірдің өзінде 5 205 жоба мақұлданды, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Микрокредиттің мөлшері 5 млн теңгеге дейін, ал қатысудың ең ұзақ мерзімі — 5 жылға (кез келген мақсатқа) немесе 7 жылға дейін (мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін). Номиналды сыйақы мөлшерлемесі — жылдық 2,5%-дан аспайды.

Микрокредит алуға өтінімдердің ең көбі Түркістан (970), Жамбыл (786), Қызылорда (642) облыстары мен Шымкент (466) және Астана (456) қалаларынан түсті.

Конкурстық комиссиялардың шешімімен 5 205 жоба мақұлданды, оның ішінде 4 554 жобаны іске асыруға кредит берілді. Кредит алушылардың басым көпшілігі мал шаруашылығы, қызмет көрсету, сауда, өсімдік шаруашылығы және жеңіл өнеркәсіп саласын қамтыды.

Сондай-ақ, микрокредит 21 жастан 35 жасқа дейінгі жастарға өз кәсібін ашуда немесе оны кеңейтуге, 5 жылдан аспайтын мерзіммен жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жағдайда беріледі. Бұл ретте қатысушылардың «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға өтініммен жүгінген уақыттағы жасы ескеріледі.

Микрокредит алушылар үшін негізгі



борыш пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдікті кезең беріледі, ол микрокредит мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайды.

Кепілмен қамтамасыз етудің болуы міндетті шарт болып табылады. Ағымдағы жылдың 4-қыркүйегінен бастап жастарға жылдық 2,5% жеңілдікпен микрокредит беру үшін қабылданатын кепілді мүлік түрлерінің тізбесі кеңейтілген.

Сонымен, кепілмен қамтамасыз ету ретінде қосымша қабылданады:

- екінші деңгейдегі банктердегі шоттарда орналастырылған ақша қаражаты;
- республикалық маңызы бар қалаларда, облыстық маңызы бар қалаларда, аудан орталықтарында, облыстық және аудандық бағыныстағы қалаларда, сондай-ақ ауылдарда және ауылдық елді мекендерде жылжымайтын мүлік;
- жеке меншік құқығындағы/бастапқы ұзақ мерзімді өтеулі жер пайдалану (жалға алу) (егістік) құқығындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері;

- жайылымдарды суландыру және қоршау инфрақұрылымы бар жер учаскелері;
 - бау-бақша өсіруге арналған жер учаскелері;
 - мамандандырылған техника.
- Кепілмен қамтамасыз ету болмаған жағдайда кепіл берушіні (ата-аналарын, туыстарын және т.б.) тартуға болады.
- Өтінім беру үшін құжаттар пакетін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалына тапсыру қажет. Қажетті құжаттар тізімі:
- Жеке басын куәландыратын құжат; Жоба бойынша бизнес-жоспар; Шоттың болуы туралы қызмет көрсететін банктен анықтама; Кредиттік берешектің, оның ішінде қаржы ұйымдарынан мерзімі өткен берешектің болуы туралы анықтама (кредиттер болған кезде); Қатысушының/үміткердің жалақысын және (немесе) өзге де табыстарын растайтын құжат (жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірме) болған кезде;
- Кепілді қамтамасыз ету ретінде берілетін мүлікті бағалау туралы есеп;
- Кепіл беруші және кепілмен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар.
- Микрокредиттер төменде көрсетілген тізімдегілерді қоспағанда:
- тұрғын жылжымайтын мүлікті (оның ішінде малшылар үшін уақытша/тұрақты тұрғын үйлерді) сатып алу, салу немесе жөндеу, жер учаскелерін сатып алу (кез келген нысаналы мақсатпен);
 - бағалы қағаздарды сатып алу (портфельдік инвестициялар);

- қаруды (оның ішінде қару өндіруге арналған құрамдас бөліктерді), құрамында есірткі бар заттарды немесе азаматтық айналымнан алынған басқа да мүлікті өндіру немесе сатып алу;
 - ойын бизнесін ұйымдастыру және (немесе) дамыту;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған террористік және кез келген өзге де қызметке байланысты қызмет;
 - моторлы көлік құралдарын шығаруды және өз өндірісіндегі жүзімнен шарап өндіруді, сондай-ақ темекі және/немесе алкоголь өнімдерін сатып алуды көздейтін жобалар, акцизделетін тауарларды/өнімдерді шығару;
 - кредиторлық берешекті өтеу;
 - бизнесті жүргізуге байланысты емес жеке тұтынушылық мақсаттардан басқа кез келген мақсатқа беріледі.
- Микрокредиттер арнайы комиссияның шешімі негізінде беріледі, оның отырыстарында үміткерлер өздерінің бизнес-жобаларын таныстырады.
- Осылайша, микрокредит беру туралы шешім комиссиялық және нақты іс-қимыл жоспарымен өзекті, дәлелді, экономикалық негізделген, қоғамдық маңызы бар, өміршең болуы тиіс жобаның пысықталуын бағалаудың нақты критерийлері негізінде қабылданады.
- Қазіргі уақытта микрокредиттер алуға өтінімдер барлық облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларында қабылдануда.
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалдарының мекенжайларын мына сайтта көрсетілген <https://www.agrocredit.kz>

«Айғақ»-ақпарат.

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен ҚР Үкіметінің кезекті отырысында министрлер кабинетінің заң жобалау жұмыстары жоспарының 2024 жылға арналған жобасы қаралды, деп хабарлайды primeminister.kz.

Әділет министрі Азамат Есқараев келесі жылы цифрлық технологияларды, әлеуметтік саланы, зияткерлік меншік институтын, инновациялық қызметті, ғарыш саласын және т.б. дамытуға бағытталған заң жобаларын әзірлеу жоспарланып отырғанын баяндады. Бұл ретте 2 құжат — Цифрлық кодекс және нысаналы капитал қорлары (эндаумент-қорлар) туралы заң жобасы бұрын реттелмеген қоғамдық қатынастарды регламенттеуге бағытталатын болады.

2024 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ҮКІМЕТІ 16 ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕЙДІ

Мәселен, Цифрлық кодекс үздік әлемдік тәжірибе талаптарына сай және осы саладағы нарықтың қажеттіліктері мен азаматтардың мүдделерін ескеретін заманауи құқықтық база құруды көздейді. Өз кезегінде нысаналы капитал қорлары туралы заң жобасы уақыт талаптарына сәйкес білім мен ғылымды дамытуға және университеттерді тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Министрдің айтуынша, бірқатар заң жобасы Құқықтық саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасынан шығып отыр. Сондай-ақ мұның жер қойнауын

пайдалану мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіруге қатысы бар.

Сонымен қатар қылмыстық жолмен түскен кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заң жобасын әзірлеу Қаржылық мониторингті дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасынан шығып отыр.

Жалпы жоспардың жобасы Президенттің, Үкімет басшылығының тапсырмалары, стратегиялық құжаттар, мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде дайындалып, өзекті қоғам-

дық мәселелерді шешуге бағытталған.

Премьер-Министрдің айтуынша, келесі жылы Үкімет 16 заң жобасын әзірлеуді көздеп отыр, олардың сегізі Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыруға бағытталған. Сондай-ақ Парламентке 4 жеке заң жобасын енгізу жоспарланып отыр.

«Солардың ішінде Цифрлық кодекстің жобасын ерекше атап өткім келеді. Онда отандық және үздік әлемдік тәжірибе ескеріліп, цифрландыру саласындағы бірыңғай тәсілдер айқындалады», — деді Әлихан Смайылов.

Қорытындылай келе, Премьер-Министр Үкімет Аппаратына жоспардың жобасын Мемлекет басшысының келісуіне енгізуді тапсырды.

primeminister.kz



Мегаполистің бүгінде құрылысы қарқын алған. Халық санының өсуіне сай инфрақұрылымдар тартылып, тұрғын үйлер мен стратегиялық маңызы нысандар көптеп бой көтеруде.

Қарқынды құрылыспен қала әкімі Ғабит Сыздықбеков етене танысып, өз тарапынан тапсырмалар берді. Мегаполис басшысы құрылысы жүріп жатқан жаңа әуежай терминалына барып, бір ай бұрын берген тапсырмаларының орындалу барысы мен

ҒАБИТ СЫЗДЫҚБЕКОВ: «ӘРБІР ҚҰРЫЛЫС САПАЛЫ АТҚАРЫЛУЫ ТИІС»

жұмыс қарқынын бақылап қайтты.

Шаһар басшысы сала мамандарымен кездесу кезінде әрбір нысан құрылысы белгіленген мерзімде тапсырылып қана қоймай, сапалы шығуы тиіс деп шегеледі.

Бұдан бұрын хабарлағанымыздай, жолаушылар терминалы құрылысының 1-кезеңі аяқталды. Шатыры монтаждалып, қасбеті жаңғыртылды. Сонымен қатар жаңа әуе-

жайға инфрақұрылым жүйелерін тарту жұмыстары кестеге сай жүргізілуде. 800 жұмыс қолы тартылған.

Жаңа терминалдың жалпы ауданы 40 800 шаршы метрді құрайды. 24 эскалатор, 2 трафик, 24 жеделсаты, заман талабына сай келетін 4 галерея қарастырылған. Барлығы жеке инвестор есебінен салынуда.

Аэропортта жолаушы өткізу қабілеті сағатына 200 адам болса, жаңа терминал іске қосылғаннан кейін бұл көрсеткіш еселеніп, 2 000 адамға артады.

Қазіргі таңда перрон құрылысын жүргізуге жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп,

ғана емес, сапалы жүргізуді міндеттеді. Егер талаптары орындалмаса, тиісті мамандарға мердігерді жауапқа тартуды ескертті. Өйткені жергілікті тұрғындар орындаушылардың жауапсыздығынан зиян шекпеу керектігін баса айтты. Сондай-ақ көгілдір отынның берілу мерзімі жайында халыққа түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Тассай шағын ауданындағы табиғи газ жүйесін тарту жұмыстары 2021 жылдың соңында басталды. Бүгінге дейін мердігер мекеме «Ремстрой» ЖШС жұмыс көлемінің 84 пайызын орындаған.

жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Атап айтқанда, Тұран ауданында 20,3 шақырымды құрайтын 33 көшенің құрылыс жұмыстары аяқталды. Биыл аталған ауданда жалпы ұзындығы 24 шақырымнан тұратын 41 көшеде ирригациялық арықтар салу жоспарланған.

Атап айтқанда:

— Қазығұрт ш/а — 16 көше (толық бітті);

— Ақжар ш/а — 8 көше (7 құрылыс бітті, 1 құрылысы жүруде);

— 112 орам — 6 көше (4 құрылыс бітті, 2 құрылысы жүруде);

— Түркістан ш/а — 4 көше (2 құрылыс бітті, 2 құрылысы

жүруде);

— Орталық аумақ — 3 көше (2 құрылысы бітті, 1 құрылысы жүруде);

— Құрсай ш/а — 2 көше (1 құрылыс бітті, 1 құрылысы жүруде);

— № 4 ш/а — 1 көше (құрылыс бітті);

— Спорт ш/а — 1 көше (құрылыс жүруде).

Қазіргі уақытта қалған 8 көшенің құрылыс жұмыстары жалғасып жатыр. Жыл соңына дейін толық аяқталады.

Бұл туралы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Шымкент қаласының өңірлік өкілдер басқармасының басшысы Әбілғазы Қалназаров айтты.

Агенттік қаржылық өнімдер мен қызметтер туралы тұтынушылардың қамтылуын және хабардар болуын арттыру үшін, сонымен қатар халықтың қаржылық өнімдер мен қызметтері туралы хабардар болуын қамтамасыз ету үшін цифрлық коммуникация арналарын пайдаланады.

Атап айтқанда, интернет-портал Fingramota.kz -Қазақстандағы кең аудитория үшін қаржылық сауаттылық бойынша жалғыз сенімді және ресми дереккөз болып табылады. 2020 жылдан бастап — 2023 жылғы 1 қарашаға дейін интернет-порталда Fingramota.kz 1,6 мың бірегей және эксклюзивті материалдар жарияланған.

Сонымен қатар қаржылық сауаттылық материалдарын тарату мақсатында әлеуметтік медиа ресурстары кеңінен пайдаланылады. Атап айтқанда, Facebook, Instagram, Telegram. Одан бөлек, Fingramota.kz ресми аккаунттарында 3,2 млн астам қаралымды қамтитын 5,6 мың пост орналастырылды.

2023 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде барлығы 200 мың қаралымды қамтитын 152 тікелей эфир өткізілген.

Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру және қаржы нарығын реттеу агенттік қызметінің негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

Осы басымдықты іске асыру мақсатында 2020 жылғы мамырда Үкіметтің қаулысымен халықтың қаржылық са-

уаттылығын арттырудың 2024 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды.

Тұжырымдама келесі негізгі бағыттарды қарастырады:

1) байланыс арналары, оның ішінде цифрлық арналар арқылы қаржылық өнімдер туралы тұтынушылардың хабардарлығын арттыру;

2) халықтың нысаналы топтарына қаржылық білім беруді арттыру;

3) қаржылық инклюзияны дамыту;

4) қаржылық сауаттылық деңгейін мониторингтеу және жыл сайынғы бағалау.

«Агенттік әрбір нысаналы топқа яғни балалар, жастар, ересек тұрғындарға нүктелік назар аудару отырып, қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеп, оқушыларға, студенттерге және ересек тұрғындарға қаржылық сауаттылық бойынша оқыту іс-шараларын өткізудің бірыңғай жоспары әзірленді.

Мемлекеттік органдармен бірлесіп, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру саласында бірыңғай ақпараттық саясатты ұйымдастыру үшін

2022 - 2024 жылдар кезеңіне Қазақстан Республикасының барлық облыстары мен Республикалық маңызы бар қалаларында халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі Медиа-жоспар іске асырылады», — деді Әбілғазы Қалназаров.

Сондай-ақ, «Fingramotalline» мобильді қосымшасын пайдаланушылар 7/24 режимінде қызықтыратын мәсе-

мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы берілді. 6 гектар аумақта тиісті жұмыстар атқарылуда.

Әуежай құрылысының 2-кезеңі 2024 жылы аяқталып, ел игілігіне беріледі. Қала басшысы сондай-ақ Тассай шағын ауданында жүргізіліп жатқан табиғи газ жүйесінің құрылысымен де танысты.

Құрылыс жұмыстарын бақылаған қала басшысы мердігерге жұмысты жандандыру

Газ тарату жүйесінің қуаттылығы — 12,5 м3/сағ, ал ұзындығы 68,8 шақырымды құрайды. Нысан келесі жылдың 1-тоқсанында пайдалануға беріледі. Нәтижесінде, 3 345 абонент көгілдір отынмен қамтылады.

Жалпы қала аумағында инфрақұрылымға қатысты жасалынған жұмыстар жетіп артылады. Қала тұрғындай үшін жайлы орта қалыптастыру мақсатында шаһар билігі

ҚАРЖЫНЫ САУАТТЫ БАСҚАРА БІЛУ - БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

лелер бойынша кеңес ала алады. “Fingramotalline” мобильді қосымшасы іске қосылған сәттен бастап мессенджерге азаматтардан 6,9 мың сұрақ келіп түскен және өңделген.

Азаматтар ұялы телефоннан “1459” қысқа нөміріне тегін қоңырау шалу арқылы жедел түрде кеңес ала алатын Агенттіктің call-орталығы. Call-орталықты іске қосқан сәттен бастап, бүгінгі күнге дейін Агенттік қызметкерлері азаматтардың 39 мың қоңырауы бойынша кеңес берді.

Бұл туралы толық ақпаратты ютуб әлеуметтік желісіндегі парақшамыздан <https://youtube.com/live/SQJuJNszoPs?feature=share> сілтемесіне өту арқылы көре аласыздар.

Пирамида бүгінде қоғам дертіне айналып отыр. Қаржылық пирамиданың құрбанына айналғандар тығырыққа тіреліп, кей жағдайда қайғылы жағдайға да ұшырап жатты. Ағымдағы жылдың 10 айында қаржылық пирамидаларды ұйымдастыру бойынша сотқадейінгі 5 тергеп-тексеру дерегі тіркелген.

Бұл туралы Шымкент қаласы әкімдігінің Ақпараттық-коммуникациялық орталығында өткен брифингте Шымкент қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің басқарма басшысы Камилхан Исмаилов айтты.

Шымкент қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті мемлекеттің экономикалық қауіпсізді-

гін қамтамасыз ету жолында қызмет атқарады. Департамент қызметкерлері қылмыстық құқықбұзушылықтарды алдын-алу, анықтау және тергеу бойынша жұмыс атқарады:

- Салықтан жалтару,
- Қаржылық пирамидалармен күрес,
- Жұмыстарды іс жүзінде атқармай жалған шот-фактура жазу,
- Заңсыз көсіпкерлік,
- Заңсыз ойын бизнесі,
- Мұнай және мұнай өнімдерінің заңсыз айналымы,
- Жалған ақша жасау,
- Авторлық құқықтарды қорғау,
- Алкоголь өнімдерінің заңсыз айналымы,
- Квазимемлекеттік және бюджет саласындағы жымқыру,
- Экономикалық контрабанда,
- Әдейі банкроттық.

«Жалпы 2023 жылдың 9 айында Департамент өндірісінде 96 қылмыстық іс болған, 62 өндіріспен аяқталған, оның басым бөлігі сотқа жолданған.

Өндірілген залал соммасы 1,8 млрд теңгені құрайды, 2,4 млрд теңге мүлікке тыйым салынған.Сонымен қатар, Қаржы пирамидаларымен күрес бойынша 2023 жылдың 10 айында Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 217 бабына сәйкес, яғни қаржылық пирамидаларды ұйымдастыру дерегімен 5 сотқа дейінгі тергеп-тексеру тіркелген.»—деді Камилхан Исмаилов.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, көлеңкелі экономика деңгейін төмендету, заңсыз жолмен табылған мүлкті қайтару бойынша жұмыстар атқарылуда.



«САҚАЛДЫ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ» МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛІП, БІР АУЫЛҒА ГАЗ БЕРІЛДІ

Түркістан облысы, Сауран ауданы, Ескі Иқан ауылы газға қосылды. Енді тұрғындар табиғи отынды баспаналарына тартуы керек. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды ауыл тұрғындарының қуанышымен бөлісіп, шаңырақтарына шаттық тіледі.

2019 жылы құрылысы аяқталған нысан бес жылдан бері тоқтап тұрған. Ол кезде облыстық бюджеттен 1,1 млрд.

теңге қаражат жұмсалған. Ішкі газ құбыры ғана салынып, негізгі жеткізуші газ құбыры 2021 қолданысқа берілген. Газ құбырының ұзындығы 112 шақырымнан асады.

Аталған «сақалды құрылысты» өз бақылауына алған өңір басшысы жауаптылар мен мердігерге тиісті тапсырмалар беріп, күрделі мәселе шешімін тауып отыр. Ауылда 20 мыңға жуық тұрғын, 2300-ден астам

абонент бар. «Көгілдір отынға» қол жеткізген Ескі Иқан тұрғындары ел азаматтарына ризашылықтарын білдірді.

Айта кетейік, облыс аумағында біраз жылдан бері шешімін таппай келе жатқан бірқатар мәселелер бар еді. Әсіресе, газ нысандарының құрылысы өзекті болды. Атап айтқанда, 2018-2021 жылдары құрылысы аяқталғанымен, 33 елді мекен түрлі себептермен табиғи газға қосылмай қалған болатын. Бүгінгі күні 16 елді мекен табиғи газбен

қамтамасыз етілсе, қалғанын жыл соңына дейін газға қосу жоспарланған. Сол жобалардың бірі Ескі Иқанда жүзеге асып отыр.

Биыл өңірде тағы 19 елді мекеннің 32 мың тұрғыны табиғи газбен қамтылды. Сонымен қатар Мақтаарал, Жетісай, Сарыағаш, Келес аудандарындағы автоматты газ тарату станцияларының қуаты арттырылды.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ПОЙЫЗ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫН АРАЛАЙДЫ

2023 жылдың 26 сәуірі мен 6 желтоқсаны аралығында Елімізде ең үздік дәрігерлері, медиаторлары, психологтары және заңгерлерінің қатысуымен «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы» әлеуметтік жобасы іске асырылуда.

Әлеуметтік жобаның мақсаты — ел аймақтарының шалғай станцияларында тұратын азаматтарына тегін медициналық, психологиялық, құқықтық және медиативтік (татуластық) көмек көрсету, жәрдемдесу үшін білікті медицина мамандары, заңгер, психолог, медиатордың кәсіби қызметтері көрсетіледі.

Облыстардың шалғай станцияларында тұратын жағдайы қиын және әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтарға тиімді медициналық, психологиялық, құқықтық және медиативтік (татуластық) көмек көрсету, жәрдемдесу үшін білікті медицина мамандары, заңгер, психолог, медиатордың кәсіби қызметтері көрсетіледі.

«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы Түркістан облысында қараша айының 4-нен бастап 17-і қарашаға дейін аралайды. Шалғай жерлерде орналасқан станция тұрғындары білікті медициналық мамандардан (терапевт, стоматолог, офтальмолог, ЛОР дәрігері, хирург, уролог, невропатолог, гинеколог) тегін кеңесі мен ем алуға мүмкіндіктері бар.

«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы заманауи диагностикалық және медициналық жабдықтармен (УЗИ, флюорограф және т.б.), шағын операциялық бөлме, зертхана, интернетке сымсыз қосылуда арналған байланыс құралдарымен жабдықталған. Медициналық пойызы шалғайдағы станцияның тұрғындарына емхана, аурухана, медициналық кабинеттер жоқ, жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділік жоқ жерде медициналық көмек көрсетеді.

Медициналық пойыз 4.11.2023 - Рзд Күншағыр - Сауран ауданы, Шорнақ е/м, 5.11. - 6.11.2023ж - Рзд Акшопат - Отырар ауд. Шойтөбе е/м, 7.11.23 - Қарақоныр - Отырар ауд. Темір е/м, 9.11.23 — Шағыр - Арыс қаласы, 11.11.2023 - Бадам- Ордабасы ауд. Бадам е/м, 17.11.2023 - Ынтымақ - Түлкібас ауд. Састөбе елді мекендерінде тоқтайтын болады. Азаматтарды қабылдау уақыты: сағат 09.00-18.00, пойыз демалысыз жұмыс істейді, түскі үзіліс сағат 13.00-14.00.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның қолдауымен алғаш рет жобаға биылдан бастап кәсіби және тәжірибелі медиаторлар мен заңгерлер тартылып, олар тұрғындардың өртүрлі топтарына тегін медиация (татуластық көмегі) және заңгерлік көмек береді. Тараптарға

мәселелерді шешуде тегін әлеуметтік көмек көрсетіледі, даулар мен жанжалдар сотқа дейін және сотта медиация (татуластық) тәртібімен

және оларды одан өрі жан-жақты қамтамасыз ету, азаматтардың мемлекеттік әлеуметтік қолдау алуға құқықтары, зейнетақы, жәрдемақы, әлеуметтік төлемдер тағайындау мәселелері бойынша тегін кеңестер беріледі, төлемдер мен атаулы әлеуметтік көмек, әлеуметтік заңнамаға енгізілген жаңа өзгерістер туралы ақпарат ұсынады. Азаматтық, жер, тұрғын үй, еңбек, банк, салық, отбасы-неке және басқа да көптеген мәселелер бойынша кеңестер көрсетіледі.

Жоба аясында әлеуметтік жағынан мұқтаж топтарға көмек көрсетуге ерекше көңіл бөлінеді. Олар: жалғызбасты аналар, көп балалы аналар, мүгедек және ауыр дертке шалдыққан балаларды тәрбиелеп отырған әйелдер, жұмыссыз жастар, мүгедек әйелдер, зейнеткерлер, студенттер.

ЖЕТІСАЙДА ТОҚЫМА ФАБРИКАСЫ БОЙ КӨТЕРЕДІ

Бұл туралы ңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Жетісай ауданының әкімі Серік Мамытов айтты.

Оның сөзінше, биыл 9 айда ауданның негізгі капиталына 16,6 млрд теңге инвестиция салынған. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 21 мыңнан асып, олардың өндірген өнім көлемі 26,5 млрд теңгеге жеткен.

— Ауданда жаңа өндірістік кәсіпорындарды ашу мақсатында индустриалды аймақ пен шағын өндірістік парк құру үшін арнайы жер белгіленді. Қазіргі таңда тиісті құжаттары рәсімделуде. Бұдан бөлек, өзбекстандық инвестормен бірлесіп тоқыма фабрикасын салу жұмысы жүріп

жатыр. Бұл мақсатта Асық ата кентінен 5 га жер бөлініп, бірлескен «TST GROUP» компаниясы құрылды. Инвесторға өнеркәсіпті даму қоры арқылы 7,6 млрд теңге жеңілдетілген несие беру қарастырылуда. Сонымен қатар, ресейлік инвестормен бірге жоңышқа грануласын өндіру және өзбекстандық инвестормен бірлесе жібек жібі мен қант өндірістерін құру жобалары бойынша келіссөздер жүріп жатыр. Аталған жобаларды жүзеге асыру арқылы 2025 жылға дейін қосымша 4 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді, - деді Серік Үсенұлы.

Сонымен қатар, ауданда биылғы жылдың 9 айында ауыл шаруашылығында өндірілген өнімнің жалпы

көлемі 69,2 млрд теңгені құраған. Сондай-ақ, 321 шаруақожалық иелері 1 236 гектар жерден екі рет өнім алу жобасын іске асырған. Одан бөлек, ауданда мақта жинау науқаны жүргізілуде. Бүгінгі күнге 117 мың тонна өнім жиналған. Инфрақұрылыммен қамту бойынша ауданда 2 газ таратушы станция құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін ауданды газбен қамту көрсеткіші 60%-ға жетпек. Сонымен қатар, 2023 жылы аудан бойынша жалпы 70,5 шақырымды құрайтын 104 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Қазіргі таңда елді мекендердегі ішкі көшелердің жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 60%-ды құрап отыр.

«САРЫАҒАШ-МАҚТААРАЛ» БАҒЫТЫНДА ТЕМІР ЖОЛ САЛЫНАДЫ

Бұл туралы ңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Сарыағаш ауданының әкімі Арман Абдуллаев айтты.

— Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Сарыағаш-Дарбаза-Мақтаарал» бағытындағы темір жол құрылысын жүргізу мақсатында Үкімет тарапынан арнайы жұмысшы топ құрылған. Олар

қазіргі таңда өңірде тиісті жұмыстарын атқаруда. Біздің тарапымыздан теміржолдың жүретін жері белгіленіп, жерді рәсімдеу жұмыстары жүріп жатыр, - деді Арман Айдарұлы.

Аудан басшысының айтуынша, биыл 9 айдың қорытындысымен негізгі капиталға көлемі 25,7 млн теңге инвестиция бағытталған. 2023 жылдың қо-

рытындысымен инвестиция көлемін 26,2 млрд теңгеге жеткізу жоспарланып отыр. Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 9 айда 92,7 млрд. теңгеге жетсе, жыл қорытындысымен 128,8 млрд. теңгеге жеткізу көзделген.

- Инфрақұрылыммен қамту бойынша орталықтандырылған ауыз сумен аудандағы 68 елді

Облыс әкімі Мемлекет басшысының экономиканы өртаптандыру, импортқа тәуелділікті барынша азайту, қоғамдық өл-ауқатты арттыру секілді мәселелерді шешу бойынша берген тапсырмаларын тыңғылықты орындау қажеттігін айтты.

- Сіздердің бастамаларыңыз туралы үнемі хабардармын. Бізде жиһаз кластерін барынша дамытуға мүмкіндік мол. Қытай сапарынан кейін өздеріңізден жақсы бастамалар күтеміз. Ел дамуындағы оң өзгерістер бизнеспен тікелей байланысты болғандықтан саяси реформаларды бірлесе жүзеге асыру керекпіз. Мемлекет кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы орта қалыптастырып, кәсіпкерлер қоғамға, халыққа қызмет етсе, бұл өз кезегінде елдің өл-ауқатын арттыруға, тұрмыс деңгейін көтеруге ықпал ететіндігі сөзсіз. Осыған орай бизнес өкілдерін жаңа жобаларды бірлесе жүзеге асыруға шақырамын, - деді облыс әкімі.

Кездесуде кәсіпкерлер субсидия алу, жер телімін бөлу, электр жарығы тарифінің бағасын түсіру, инфрақұрылым жүргізу сынды мәселелер талқыланды. Кездесуге қатысқан мемлекеттік органдар мен монополист кәсіпорындардың басшылары кейбір сұрақтарға сол жерде жауап беріп, қажетті кеңес берді.

Басқосу ашық пікірталас түрінде өтті. Кәсіпкерлерді толғандыратын сұрақтар талқыланып, оларға заң талаптары бойынша түсіндірілді.

Мұндай кездесулер алдағы уақытта тұрақты түрде өткізілетін болады.



нына, НКВД-нің қанды шеңгеліне түскен қайран ер таланты кемелденіп, үлкен шығармашылық кезеңге бет бұрған шағында 1930 жылдың 21 сәуі-

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп»-Абай атамyz айтқандай, ынтымақтастықта өмір сүргеніміз дұрыс. Әрбір азаматтың шексіз білімге тереңдей түсіп, сол арқылы Ақиқатты танып, айналаны Риясыз сүйіспеншілікке бөлеп, шексіз мейіріммен қатыгез-

Ақын әрі аудармашы өзінің ұзақ жылдар бойы жазықсыз жапа шеккен, қазақ халқының көрнекті қоғам қайраткері. Жазушылығымен қоса, қазақ топырағында тұңғыш педагогика, психология, көркемөнер ғылымдарының саласында қалам тартып, құнды-құн-

ҰЛТ МҮДДЕСІН КӨЗДЕГЕН

рінде Мәскеудегі Бутырка түрмесінде атылды.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан, жаһандық өзгерістер еліміздегі білім беру жүйесінде де жаңаша көзқарас, тың бағыттарды талап етуде, Қазіргі уақытта елімізде жаһандық қауымдастықтың дамыған елдер қатарына ену мақсаттарының алдына қойып отырған қарқынды дамушы ел. Елдің әл-ауқаты, экономикалық жағдайы күн өткен сайын жақсаруда. Дегенмен біз өмір сүріп отырған ортамызда және біздің ортақ жер шарымыздағы дағдарысты жағдай кез келген саналы жанды толғандыратыны сөзсіз.

Еліміздің қолға алып жатқан бетбұрыстары халқымыздың рухани өрлеуі, болашақ ұрпақтың адами қасиеттерінің дамуына бағытталып отыр. Ел басшысы Қ.Жомарт Тоқаевтың саяси қутын-сүргінге ұшыраған Алаш партиясы азаматтарын толық ақтау жөніндегі бастамасымен, әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасында ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз армандарды ақиқатқа айналдырды.

Сондықтанда түтіні түзу, ертеңіне сенімі мол, өз ұрпағы бақытты, зайырлы қоғам орнатуда рухани-адамгершілік білім беру өте өзекті мәселе болып табылады. Болашақ ұрпақты жоғары рухани жетелейтін, адамгершілік қасиеттерін жарқыраты, жандандыратын күш бұл білім екендігін ұмытпай, рухани-адамгершілік білім бағдарламасының заманауи білім беру жүйесіне ену-бұл заман талабы болып отыр.

Әрбір адамның рухани бастауларына жол сала отырып, оның ұлылықтың бір бөлшегі екенін, Ұлы Рухтың иесі екенін сезінетін азаматтарды тәрбиелеуіміз керек. Айналадағы барлық адамдармен әлеуметтік топтар арасындағы ұлтына, дініне қарамастан

дікке қарсы тұра білуге, ойының, өз ісінің, сөзінің бірлігімен жан тыныштығына жетуге жол нұсқайды. Жүсіпбек Аймауытұлы атамyzдың шығармалары мен өлеңдерін мұқият оқи отырып, өмірдің бізге қоятын сансыз сұрақтарына өзіміздің жауап іздеуімізге көмектесетіндігін байқамыз. Адам жалғыз қалғанда жаныңды аяздай суытатын, жүректі ауыртатын, көзіңнен шынайы жасты шығаратын, өкіндіретін, шабыттандыратын, шаттандыратын сұрақтардың жауабын табуға болады. Осы сұрақтардың жауабы шексіз, мәңгілік білімнің арқасы, сол себепті білім шексіздігіне біз даналықтың құпиясын таныған ұстазымыздан іздейміз. Адам өзін-өзі танымай өзге жұртты тани алмайды. Тіл-бұл адамның ішкі сыр-сыртқа шығаратын негізгі құрал. Ұлтымыздың тілім мен бақытын сақтап қалу жолында, тер төккен атамyzдың ерен еңбегі зор.

Осы себепті де біздің өскелең ұрпағымызды тәрбиелеуде, ақын әрі жазушы, Алаш партиясының көрнекті өкілі болған, ұстазымызды ұмытпай, қазақ халқына жасаған ерліктерін ұмытпағанымыз жөн. Ұлтымыздың ұлы ұстаздары Төныкөк, Күлтегіннен бастау алып, Абай, Шәкәріммен негізі қаланып, Мағжан, Жүсіпбек аталарымыздан жалғасын тауып келе жатқан даналық ілімдер бүкіл адамзаттық сананы мұхиттың тереңіне бойлатып, шынайы ақиқатты тануымызбен бастау алмақ. Талай жылдар әділетсіздікпен көзін аша алмай жатқан сол қиыншылықтан шығу жолын іздеген аталарымыз бен ұлағатты ұстаздарымыздың жасаған ерлігіне мың алғыс білдіреміз.

Қазіргі халықтың рухани жаңаруына, жанымыздың тазаруына қызмет етіп, өзінің барлық қыметімен шығармашылығын бізге арнау етіп қалдырған атамyz Жүсіпбек Аймауытұлы.

ды ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып, бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының оның ішінде, «Ақ білек» романының авторы болуымен дараланған тұлға.

Жүсіпбек Аймауытұлы өзінің тәлім-тәрбие саласындағы бағыт-бағдарын 1918 жылы ақпан айында Семей қаласында жарыққа шыққан, әдеби және қоғамдық «Абай» атты журналдың бас мақаласынан аңғартады. Онда атамyz «Қазақ сахарасында мыңмен жалғыз алысып, жапа шеккен ағартушы Абайдың көздеген мақсаты-халқын өнер-білімге, оқуға, отырықшылыққа, мәдениетті ел дәрежесіне жеткізу еді,»-деп жазған болатын. Атамyz Абай ұсынған адамгершілік(гуманистік) жолды өзінің тыныс-тіршілігінің өмірлік артқауы етіп алады. Осы журналдың 1919 жылғы 12-сынында жариялаған Ж.Аймауытұлының «Тәрбие» атты көлемді мақаласында тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер ғылыми тұрғыдан терең баяндалған. Адамның жоғарғы рухани өлемінің ашылмауына, Ж.Аймауытұлының тәрбиенің дұрыс болмауын себепкер етеді. «Адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан.... адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сияқты бұзақылықтар жасауы, тәрбиенің дұрыс жетіспеушілігінен»-дейді.

Ол тәрбиенің екі түрлі болатындығын атап көрсетті: жан тәрбиесі және дене тәрбиесі. Жан тәрбиесінің маңыздылығын алдымен отбасы түсінуі керектігін баса айтты. Ж.Аймауытұлы балаға өсер ететін медресе және тәрбиеші деп санайды....«Кейде-деп жазды ол, белгісіз себептермен күшті ықпал ететін, өсер ететін жағдайлардың да болуы ықтимал. Ол замандастар (құрбы-құрдастары), туган ауылы, өскен ортасы, оның діні, тілі, өам басқа да нәрселер» деп, тәрбие мәселесіне

ОНЛАЙН-КРЕДИТТЕР: ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

Онлайн-кредиттер Қазақстанда күннен-күнге танымал болып келеді, оның өзіндік себебі де бар — оларды оңай әрі жылдам ресімдеуге, ал ақшаны бір тәуліктің ішінде, тіпті бірнеше сағатта алуға болады. Алайда басқа кредиттер сияқты кредиттің бұл түрінің де күңгірт тұстары бар.

Онлайн-кредиттер жайлы нені білу керектігі және оларды ресімдеу арқылы тығырыққа тірелмеу үшін не істеу керектігі туралы Fingramota.kz-пен бірге анықтаймыз.

Онлайн-кредитті көмелеттік жасқа толған кез-келген қазақстандық азамат аз ғана құжаттар топтамасымен ала алады. Клиенттерді осы нәрсе қызықтырады, олар өздерінің уақыттарын үнемдейді және бөлімшеге келіп, менеджерге

кезекке тұруға дайын болмайды (дегенмен кейбір банктерде соңында бөлімшеге келуге тура келеді). Онлайн-кредиттер ресімдеу тетігі оңай: банкті таңдау, оның сайтында не мобильді қосымшасында өтінімді толтыру және маман сізге қайта хабарласу үшін өзіңіздің байланыс деректеріңізді қалдыру керек. Кейде бұл талап етілмейді және барлығы қоңыраусыз — банк құрған алгоритм арқылы жүргізіледі. Клиент толыққанды сауалнаманы толтырады, өзінің дербес деректерін енгізеді, қажет болған жағдайда өзіне қызмет көрсететін банктен берілген үзінді көшірмені қоса береді және шешімді күтеді. Ақша оң шешім шығарылғаннан кейін дереу немесе келесі күні түседі.

Онлайн-кредиттердің түрлері

Онлайн-кредиттердің бірнеше түрі бар:

банктік кредиттер — біз жоғарыда сипаттаған алгоритм бойынша банктердің сайтында немесе олардың ресми мобильді қосымшасы арқылы ресімделеді;

микрокредиттер — бұлар «онлайн кредиттер» ұғымына жатады, өйткені микроқаржы ұйымдары қарызды онлайн режимде ресімдеуге мүмкіндік береді. Кейбір жағдайларда (банктердегі сияқты) соңғы қол қою немесе ақша алу үшін филиалға келу қажет болуы мүмкін;

интернет-дүкендердегі кредиттер — белгілі бір банктің қосымшасы арқылы сатып алуды рәсімдейтін болсаңыз, бұл да онлайн-кредитке жатады. Бұл жерде алғашқы екі

жағдайға қарағанда оңайырақ, өйткені банкте сіздің барлық деректеріңіз бар және ол бір минут немесе одан да аз уақыт ішінде шешім қабылдайды;

мамандандырылған сервистердегі кредиттер — мұнда жүйе сіздің тілектеріңіз бен деректеріңізді ала отырып, сіз үшін ең тиімді нұсқаны есептеп береді. Интернетке шығатын құрылғы болса және толыққанды өтінім берсеңіз жетіп жатыр;

кредиттік карта — көптеген банктер клиенттерге белгілі бір мөлшерде кредиттік карта алуға мүмкіндік береді. Бір ерекшелігі — сіз қолма-қол ақша алмайсыз, бірақ алу үшін мақұлданған сома негізінде зат сатып алғаныңыз үшін ақы төлейсіз, содан кей-



ін картаны ай сайын жұмсалған сомаға толықтырып отырасыз.

Сондай-ақ, банктің бағдарламасына қарай — автокредит, бизнес-кредиттер, тұтынушылық кредит және т.б. сияқты қарыздың негүрлым мамандандырылған түрлері бар.

Назар аударыңыз! Күмән тугызатын сайттардан кредит беру жөніндегі қосымшаларды жүктемеңіз - әрдайым кредиттік ұйымның ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агент-

ықпал ететін факторларды тізбектеп талдайды. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп, атамыз қазақ тауып айтқан. Балаға қайрымдылықты, қаталдықты, кішіпейілділікті, шыншылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол әрине ата-ананың тәрбиесі. Баланың

АЛАШ СЫНШЫСЫ

бойына басынан сіңген мінезді қайта түзету қиындық келтіреді. «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» деген сөз ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді-деп автор бала мінезін қалыптастырудағы отбасы мүшелерінің, ықпалын айқын ашып береді.

Бала ата-анадан не үйренсе, ата-ана да баласы арқылы рухани өсуі керектігін алға тартады. Ол бала мінезін жас шыбыққа теңейді. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаған бала өскенде қисық ағаш сияқты болып өсетінін, отбасында теріс тәрбиеленген баланы қайта тәрбиелеудің үлкен қиындық келтіретінін айтады. Ж.Аймауытұлының педагогика ғылым саласындағы жүйелі ой-пікірлері оның 1924 жылы Орынборда басылған «Тәрбиеші жетекші» атты еңбегінен жақсы байқалады. Бұл еңбекте Ж.Аймауытұлының «Мұғалім айналысатын-үнемі қозғалып, өзгеріп өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдіспен шектеліп қалуга болмайды.... Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жалын табатын өнер.....»-деп оқыту, білім берудің де қасиетті өнер екендігін көрсетті. Баланың шыр етіп дүние есігін ашқанан бойында Ұлы Рухтың, Ар-Ұжданның, білімге деген құштарлықтың болатынын «білімге деген ынталанушылық пен қызығушылықтың, адам бойындағы ой еңбегі күшінің қайнар көзі, сондай ақ көздерін көбірек ашу, бөгетсіз саулатып ағызу, өркендету, өнері-мұғалімнің бойына біткен қасиеті болу керек»-деген пікірі арқылы нақтылай келсек, ұстаздың өз бойында да осы қасиеттерді талап етеді.

Ж.Аймауытұлының адам баласының мәдениет тарихынан өнердің көрнекті орын алып келгеніне, өнерсіз қоғамның дамуы, рухани байлықтың молаюы мүмкін еместігіне тоқталып, мектептерде әуелі кескін мен әуез

өнерін, оның ішінде сурет салу, ән-күй үйретуге негіз салу керектігін, әрбір баланың өнерге деген ынтасын қозғап, өнерпаздық қабілетін тәрбиелеу қажеттілігін баса айтады. Сонымен қатар Ж.Аймауытұлының адамның өз ұлтына ғана қызмет етуі-өзімшіліктің

бір көрінісі, халықтар тек өз ұлтының шеңберінде қалмауы тиіс, өмір өзі оған жол бермейді, ұлтшылдықтың өзі адамгерлікке жатпайды деген пікірлерін айтқан. Бұл пікірлер әр адам өз ұлтын жақсы көре отырып, басқаларды да өз ұлтындай, өз бауырындай сүйіспеншілікке бөлеудің маңыздылығын айқындай түседі. Ж.Аймауытұлының мол мұрасы, даналық ойлары сұрақтарына жауап іздеген әр адам үшін құнды. Даналар өздері кетсе де сөздері, халыққа жасаған жақсы істері, мейрімге толы ойлары адамзаттың ақиқатты іздеуі жолындағы шамшырағына тең. Рухани-адамгершілік білім бас-таулары, рухани ұстазымыздың тағлымдарын зерттеп, саралап, өскелең ұрпаққа жеткізе білу кез-келген ұстаздың басты міндеті болмақ.

Алаштың танымал тұлғасы, қазақтың қара сөзінің құлжасы Ж.Аймауытұлының жарияланбаған оншақты еңімесі мен қазіргі оқырманға мүлдем беймәлім болып келген елуден астам мақалалары мен жазған очерктері архивтерден табылып отыр. Қапастағы қараңғы қоймадан, шаң басқан архивтен шиырлап іздеп олжа салған, сөуле түсіріп, осы інжу-маржандарды қайыра қалың жұртқа ұсынып отырған да-рынды ақын, әдебиеттанушы ғылым, Жүсекең мұрасын зерттеуші-Нұржан Қуантайұлының бұл шығармалары оның «Ғылым» баспасынан жарық көрген 5 томдық толық жинағына да енбегендігін, екінші рет еш қайда жарияланбағандығын айта кеткеніміз жөн деп санаймыз. «Елеусіз ерлер» атты еңімесі 1920 жылдары Ташкентте шығып тұрған «Ақ жол» газетінің қосымшасы-«Сөуле» әдеби журналының 1924 жылғы қараша айындағы 6-санында жарық көрген екен. Әңгімені арапшадан қазіргі қаріпке түсіріп ұсынып отырған- филология ғылымдарының кандидаты Нұржан Қуантай-

ұлы екенін еске саламыз.

Жүсіпбек Аймауытұлының «Ұран» өлеңі:

Қазағым, қақтықпа, қамалма!
Ер болар қамыңды амалда!
Кетті түн, атып таң, шығып күн,
Сал малды,сал жанды, аянба!
Мал баққан, жай жатқан ел едік,
Бейнетті көп тартқан ер едік,
Қаны жат, тілі жат, діні жат
Жат елден таяқты жеп едік,
Жатқа жем бай едік, кен едік,
Бағын жоқ биліктен кем едік,
Партия, сұрқия, қым-қиғаш,
«Басы аман» көп надан сен едің.

Зарыққан, талыққан шағына
Тап болды бостандық бағына!
Ұйымдас, ұрандас, ақалас!
Сен де мін бабаның тағына!
Құны жоқ, қорлықта өшіп ең,
Терезең төрімен болды тең.

Намыстан, қайраттан қатарға ен
Басқадан кем болған сенің нең?
Ұраным, қорғаным, сен Алаш!
Жолына құрбандық мал мен бас!
Өнер тап, өрге шап, қару ат.
Аллалап алға бас, ал Алаш!!!

